

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ  
БАТЫС КАЗАКСТАН ОБЛАСЫНЫҢ  
ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ

**ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ  
БАСҚАРМАСЫ**

971240000 802      БСН

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ  
БАТЫС КАЗАКСТАН ОБЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ

**ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ  
БАСҚАРМАСЫ**

2011 ж. «18» 08  
ЗАҢДЫ ҮЙЛІМ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТІРКЕУДЕҢ ҚАРТА ӨТКІЗЛДІ  
№ 929-1926-01-ЖИ    КУӘЛІК  
АЛҒАШКЫ ТІРКЕЛГЕН КУНІ  
1993 ж. «01» 08

Батыс Қазақстан облысы білім  
басқармасының  
«13» сәуір 2018ж.  
№302 бүйрығымен бекітілді



**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі**  
**білім басқармасының**  
**«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған**  
**мамандандырылған ақпараттық технологиялар**  
**мектеп-лицей-интернаты»**  
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**  
**ЖАРҒЫСЫ**

**ОРАЛ-2018 ж**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Жарғы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Лицей) заңды тұлғаның үйымдастырушылық-құқықтық қызметін реттейді.

1.2. Мемлекеттік заңды тұлғаның түрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме, лицей Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 1993 жылғы 02 тамыздағы №160, 2001 жылғы 25 сәуірдегі №7, 2013 жылғы 28 наурыздағы №36 және 2018 жылғы 19 наурыздағы №66 қаулылары негізінде қызмет істейді және лицейдің құрылтайшы құжаттары болып табылады.

1.3. Лицей өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.4. Жарғыға сәйкес қызметін жүзеге асыру барысында, лицей келесі атауларды пайдаланады:

1.4.1. Толық атауы:

мемлекеттік тілде: *Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;*

орыс тілінде: *Коммунальное государственное учреждение «Западно-Казахстанская областная специализированная школа-лицей-интернат информационных технологий для одаренных детей» Управления образования акимата Западно-Казахстанской области*

1.5. Мекен-жайы: 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, С.Ескалиев көшесі, 107 үй

1.6. Лицей құрылтайшысы: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі

1.7. Лицейдің уәкілетті органы: Батыс Қазақстан облысының білім баскармасы болып табылады.

## **2. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

2.1. Лицей – негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің жаратылыстану-ғылыми, физика – математикалық бейіндері бойынша жалпы білім беретін оку бағдарламаларын білім алушылардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес іске асыратын оку орны.

2.2. Лицей заңды тұлға құқығына ие мемлекеттік мекеме болып табылады. Лицейдің фирмалық бланкісі, мемлекеттік және орыс тілінде атауы жазылған мөрі, жеке балансы, банктеке есеп шоты болады.

2.3. Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін және білім беру қызметіне лицензия алғаннан бастап, лицей заңды тұлға құқыктарын иеленеді. Лицей қызметі лицензиясын қайтарып алғыннан немесе күші жойылды деп танылғаннан бастап тоқтатылады.

2.4. Лицей окушылар, ата-аналар, мұғалімдер қоғамдастығы және білім органдарының алдында жеке тұлғаның орта жалпы білімге конституциялық

құқығын іске асыруға, білім беру мен тәрбиелеудің таңдалған нысандарының, тәрбиелеу, оқу бағдарламаларының балалардың жас, психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі, осы типті мекеменің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сапалы білім беру және тәрбиелеу үшін жауапты.

2.5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және нормативтік құқықтық актілер бойынша мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

2.6. Лицейде саяси партиялар, саяси үйымдар мен ағымдардың үйымдастырылуына және құрылудың салынады.

2.7. Лицей қолданыстағы заңнамаларға сәйкес халықаралық, республикалық деңгейде байланыс орнатудың құқығы бар.

### **3. ЛИЦЕЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, ТАЛАПТАРЫ, ПӘНІ**

#### **3.1. Лицей қызметінің мақсаты:**

3.1.1. Қоғам өміріне бейімделген, кәсіби білім бағдарламасын менгерген және саналы таңдауға дайын жоғары дәрежелі мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру,

3.1.2. Қабілетті, жан-жақты дайындығы бар оқушының жалпы орта білім алуына тиімді жағдай жасау,

3.1.3. Жоғары дамыған, интеллектуалды жеке тұлға тәрбиелеу және шығармашылық

потенциалын дамытуға қолайлыш жағдай жасау.

#### **3.2. Мақсатын іске асыру үшін лицей алдына келесі міндеттер қояды:**

3.2.1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мекемелері үшін бекітілген мемлекеттік стандарттарға сәйкес бекітілген, ғылымның қарқынды дамуы талаптарына жауап беретін деңгейде, тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет кеңістігіне енуіне мүмкіндік беретін негізгі жалпы және жалпы орта білім беруге қол жеткізуі қамтамасыз ету;

3.2.2. оқушыны қоғамдық және мемлекеттік мұдделерге сәйкес тәрбиелеу, оқушының жан-жақты дамуына, өздігінен білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанағаттандыруға қолайлыш жағдай қалыптастыру;

3.2.3. әлемдік білім стандарттарына сәйкес келетін жаңа білімді қалыптастыру және таратуды, жаңа білім беру технологияларын енгізуі жүзеге асыратын білім беру комплексінің тиімді моделін қалыптастыру және жүзеге асыру;

3.2.4. ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаның қалыптасуы және дамуына жағдай жасау;

3.2.5. оқушыны азаматшылық пен патриотизмге, Отанына сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық дәстүрге құрмет, кез-келген Конституцияға және қоғамның мораль талаптарына қайши қоріністерге төзбестік қасиеттерін тәрбиелеу;

3.2.6. оқушылардың шығармашылық, рухани және физикалық қабілеттерін дамыту,

3.2.7. салауатты өмір салты үшін оқушының ойлау өрісінің кеңеюіне берік негіздер қалыптастыру;

3.2.8. оқушыларды өз бетінше және саналы түрде мамандығын таңдауға, жоғарғы оқу орнында өз бетінше бейімді білім алуға дайындау;

3.2.9. тұлғаның толыққанды жан-жақты дамуы үшін отбасымен қарым-қатынаста болу.

### **3.3. Лицей қызметінің сипаты:**

3.3.1. оқушыларға білім беру, тәрбиелеу;

3.3.2. бұрын мектепте орыс тілінде оқыған оқушылардың қазақ тілін, бұрын мектепте қазақ тілінде оқыған оқушылардың орыс тілін және сондай-ақ лицей оқушыларына ағылшын тілдерін менгерту;

3.3.3. оқушылардың қабілеттерін анықтау және дамыту;

3.3.4. педагогика, жалпы және жас психологиясы, отбасы және білім психологиясы сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес беру;

3.3.5. жаңа білім бағдарламаларын жасау, сынақтан өткізу және енгізу;

3.3.6. жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыру, мәдени-қоғамдық шаралар өткізу;

3.3.7. ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және тағы басқа шаралар ұйымдастыру және өткізу.

## **4. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ**

4.1. Лицей Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына сәйкес келетін оқу бағдарламасы және оқу жоспары бойынша жұмыс істейді.

4.2. Оқыту үрдісін ұйымдастыру жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша оқытудың дәстүрлі нысандарын және ақпараттық технологияларды колдана отырып құрылады.

4.3. Оқу жоспары Республикалық базистік жоспарға сәйкес, оқу орнының бекітуімен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы және Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының келісімімен дайындалады.

4.4. Жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес лицей екі сатыдағы білім беру үрдісін жүзеге асырады:

1) Жалпы негізгі білім (екінші саты) - нормативті оқу мерзімі 3 жыл (7-9 сынып);

2) Орта (тольк) жалпы білім (үшінші саты) – нормативті оқу мерзімі 2 жыл (10-11 сынып).

4.5. Лицейде білім беру 3 тілде жүреді: қазақ, орыс және ағылшын тілі.

4.6. Оқу жоспарын құруда және оқу бағдарламасының созылмалылығын анықтауда Қазақстан Республикасы заннамасымен бекітілген нормалар сақталады.

4.7. Сабак және үзілістердің кестесін лицей директоры бекітеді.

4.8. Оқушыларға білім беру тоқсан бойынша жүзеге асырылады. Лицей басқармасы қамқоршылық кеңестің келісімі бойынша бес немесе алты күннен тұратын оқу аптасын белгілейді. Бір сабактың ұзақтығы мемлекеттік стандарттарға сәйкес 40 минут болып белгіленеді. Кейбір негізгі және бейімдік іәндер жұпталып және топка бөліп өткізуге рұқсат етіледі.

4.9. Лицей оқушылардың өмір, еңбек және демалысының гигиеналық негізделген ежимін ұйымдастырады. Оқушылардың оқу, еңбек және демалысының

педагогикалық негізделген үйлесімін қамтамасыз ететін режим оқушылардың тәулік бойы жатақханада болуын ескере отырып құрастырылады және лицей кеңесімен бекітіледі.

4.10. Тәрбиелеу бағдарламасын құрастыруда оқушылардың мұдделері мен ұсыныстары ескеріледі.

4.11. Білім беру үрдісі жеке тұлғалық-тұспалданған әдістеме қағидасына негізделеді. Ол төменде аталғанды көздейді:

4.11.1. білім беру үрдісінде оқушылардың мұдделерін, тілектерін, бейімділіктерін ескеру;

4.11.2. оку жоспарының барлық пәндері бойынша әртүрлі деңгейдегі сарапанған білім беруді қамтамасыз ету;

4.11.3. әртүрлі деңгейдегі білім беру мен жеке тұлғаның даму мониторингін оқутәрбие үрдісіне енгізу арқылы оқушылардың өзін-өзі анықтау және іске асыруын дәйектеуді жүзеге асыру.

4.12. Оқудан тыс уақытта үйірме жұмыстары, факультативтік сабактар, олимпиадалар, жарыстар, байқаулар, театр көріністері, спорт секциялары және тағы басқа шаралар ұйымдастырылады.

4.13. Лицей интернатының оқушылары ыстық тамақпен, жатақхана орнымен, тегін медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі. Интернатта тұрмайтын лицей оқушыларын тамақтандыру олардың ата-аналар есебінен ерікті негізде тараптардың келісімі бойынша өткізіледі.

4.14. Лицей әкімшілігі және педагогикалық кеңес жүйелі өткізілетін ата-аналар жиналысы арқылы ата-аналарды оку үрдісі және тәрбие жұмысының нәтижелерімен таныстырады.

4.15. Педагогикалық үрдіс сыныптық сабак және пән жүйесінің шеңберінде жүзеге асырылады.

4.16. Лицейде нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік төзімсіздікке және ерендікке үгіттеуге, ымырасызыңық және халықаралық күқықтың жалпы танылған қагидаларына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

4.17. Оку үрдісі барысында лицей ұжымы және өзге де тұлғаларға оқушыларды негізгі пәндермен қатысы жоқ қызметке, олардың келісімінсіз жалпы білім беру бағдарламасымен, оку жоспары және Жарғымен көзделмеген еңбекке тартуға, оқушыларды қоғамдық, қоғамдық-саяси және діни ұйымдарға, партиялар мен козғалыстарға мүше болуға мәжбүрлеуге, осы ұйымдардың қызметіне, насиҳаттау компаниялары мен саяси іс-шараларға тартуға тыйым салынады.

4.18. Оқушыларға физикалық, моралдық, психикалық күш көрсету әдістерін колдануға тыйым салынады. Лицейде оқушылардың, мұғалім және тәрбиешілердің адамдық қасиеттеріне өзара құрмет көрсету негізінде тәртіп сақталады.

4.19. Оку тәртібін, Жарғы, ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін педагогикалық кеңестің шешімімен оқушыға лицейден шығаруға дейін баратын әкімшілік-тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін.

## **5. ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Лицейге барлық ұлт өкілдерінің оқушылары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қантардағы №127 Қаулысымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес қабылданады.
- 5.2. Лицейге алтыншы сыныпты бітірген балаларды қабылдау конкурстық негізде, емтихан нәтижесінде жүзеге асырылады. Мектеп-лицей басшысы оқуға түсушілерді, олардың ата-аналарын немесе өзге де занды өкілдерін қабылдау ережесімен және лицейдің оку процесінің үйымдастырылуын реттейтін басқа күжаттармен таныстыруы керек.
- 5.3. Лицейге қабылдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Окуға қабылдау емтиханын өткізу үшін арнайы комиссия үйымдастырылады.
- 5.4. Конкурстық іріктеу Білім және ғылым министрлігінің мамандандырылған білім беру үйымдарына қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес үйымдастырылады.
- 5.5. Лицейге қабылдау ата-аналардың (занды өкілдердің) өтініші негізінде, директордың бүйрығымен рәсімделеді.
- 5.6. Конкурстан ойдағыдай өткен оқушылардың ата-аналары (занды өкілдер) мен лицей арасында шарт жасалады.
- 5.7. Байқаудан өтіп, қабылдауға келмеген оқушылардың орнына резервтегі оқушылар қабылданады.

## **6. ОҚУШЫЛАРДЫ КЕЛЕСІ СЫНЫПҚА КӨШІРУ ТӘРТІБІ**

- 6.1. Оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру, окудан шығару «Қазақстан Республикасы білім беру үйымдарының оқушыларын келесі сыныпқа ауыстыру, корытынды аттестация, түлектерді шығару тәртібі туралы Нұсқауға» сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.2. Оқу жылының бағдарламасын ойдағыдай бітірген, көшіру немесе қорытынды емтиханын ойдағыдай тапсырған оқушылар Лицейдің педагогикалық кеңесінің ұсынысымен, директордың бүйрығы негізінде келесі сыныпқа көшіріледі.
- 6.3. Алдыңғы деңгейдегі жалпы білім беру бағдарламасын менгермеген оқушылар жалпы білім берудің келесі сатысына жіберілмейді.

## **7. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУ ЖҮЙЕСІ**

- 7.1. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы лицейдің білім беру қызметінің талаптары мен нормаларын, лицейдің жарғылық мақсаттары мен талаптарын орындаудың тікелей бақылауды жүзеге асырады.
- 7.2. Оқушылардың білімін тексеру тоқсан және жыл бойы өткен тақырыптардың төркіндерінде орындаудың тікелей бақылауды жүзеге асырады.

7.3. Оку жылының соңында оқушылар бейіндік пәндері және ағылшын тілі бойынша емтихан тапсырады. Емтиханнан өтпеген оқушылар келесі оку жылы басталмастан бұрын аталмыш пәндер бойынша қайталап емтихан тапсырады. Екінші мәрте өткізілген емтиханнан өтпеген оқушы педагогикалық кеңестің шешіміне, ата-анасы мен лицей арасындағы жасалған шартқа сәйкес оқудан шығарылады.

7.4. Лицейде бақылау келесі бағыттар бойынша мониторинг арқылы жүзеге асырылады:

7.4.1. тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы, құрамы және нәтижелілігін бақылау;

7.4.2. оқыту және оку бағдарламаларын орындау жағдайының мониторингі;

7.4.3. әдістемелік жұмыстың және мұгалімдердің біліктілігін арттыру жағдайын бақылау;

7.4.4. лицейдің іс жүргізу құжаттары, білім органдарының нормативтік актілері мен шешімдерінің орындалуын кадағалау.

7.5. Лицейде жалпы негізгі және жалпы орта білім беру бағдарламаларын оқыту аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы мектептері түлектерінің қорытынды аттестациясы туралы Ережеге сәйкес, лицей түлектеріне қорытынды аттестация өткізіледі. Аттестациядан ойдағыдай өткен түлектерге Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес лицейдің мөрі басылған аттестат беріледі.

7.6. Лицей түлектеріне мемлекеттік ұлгідегі орта білім туралы аттестаттарымен катар ағылшын және компьютерлік технологияны еркін менгергендігі жөнінде сертификат беріледі.

## **8. АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНУДЫҢ ТІЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ**

8.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 1102 Каулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесіне» сәйкес лицей ақылы білім беру қызмет көрсетуге құқылы. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік білім беру стандартының шенберіндегі мемлекеттік бюджет тарапынан каржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына ұсынылмайды. Ақылы білім беру қызметі үшін жеке сабак кестесі құрылады.

8.2. Ақылы білім беру қызметін жүзеге асыратын мектеп-лицей мен оқушы, оның ата-аналары (занды өкілдері) арасындағы карым-қатынастар көрсетілетін қызмет түрі, оқыту деңгейі, мерзімі, ақысы және тағы басқа талаптарды аныктайтын шартпен реттеледі.

## **9. ЛИЦЕЙ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ, ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН АРАДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ РЕТТЕУ МЕН РӘСІМДЕУ**

9.1. Оқушылардың құқықтары:

9.1.1. білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес білім луға;

- 9.1.2. білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары шенберінде білім үйымы кеңесінің шешімімен жеке оқу жоспары, жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;
- 9.1.3. өзінің бейімділігі қажеттілігіне қарай қосымша білім беру қызметін, білім алу, оқу жоспарына сәйкес балама курстарды тандау;
- 9.1.4. білім үйымдарын басқаруға қатысу;
- 9.1.5. білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары белгілеген тәртіппен бір оқу орнынан басқа оқу орнына, бір мамандықтан басқасына, не бір оқу нысанынан басқасына, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысуға және қалпына келтіруге;
- 9.1.6. үйымның кітапханаларының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалану, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оқулықтар, оку-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- 9.1.7. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен халықты қамту, зертханалар, кабинеттер, диагностикалық зерттеу саласында, дәрісханалар, кітапхана, есептеу техникасы, асхана қызметі, медициналық кабинет және т.б. жөнінде ақпарат алуға;
- 9.1.8. наным-пікірлерін еркін білдіруге;
- 9.1.9. өзінің адамдық қасиеттерін құрметтеуге;
- 9.1.10. окуда, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелебелер мен сыйакы алуға.

## **9.2. Оқушылардың міндеттері:**

- 9.2.1. Лицей Жарғысының талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 9.2.2. лицей мүлкіне ұқыпты қарауға, адал ниетпен білім алуға;
- 9.2.3. білім мен тәжірибелі дағдыларды терен менгеруге, өз қабілеттерін жетілдіруге;
- 9.2.4. салауатты өмір салтын жүргізуғе;
- 9.2.5. мінез-құлыш мәдениеті мен этиканың нормаларын ұстануға, сыртқы кейпіне қатысты талаптарды орындауға;
- 9.2.6. лицей оқушылары мен қызметкерлерін құрметтеуге;
- 9.2.7. интернатта тұру ережелерін сақтауға;
- 9.2.8. КР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы №26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру үйымдары үшін міндетті мектеп формасына койылатын талаптарды» сақтауға міндетті.

## **9.3. Ата-аналар (занды өкілдер) құқықтары:**

- 9.3.1. баланың жеке басының бейімделушілігі мен ерекшеліктерін ескеріп білім беру үйымын тандау;
- 9.3.2. Қамқоршылық кеңес арқылы білім беру үйымын басқару органдарының құмысына қатысуға;
- 9.3.3. білім беру үйымдарынан балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайы жөнінде ақпарат алуға;
- 9.3.4. психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациядан балаларды оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға.

## **9.4. Ата-аналардың (занды өкілдерінің) міндеттері:**

- 9.4.1. балалардың өмір сүруі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауга, олардың интеллектуалдық және дене күші дамуын қамтамасыз ету, адамгершілік жағын қалыптастыру;
- 9.4.2. білім беру ұйымдарымен карым-қатынас жасау;
- 9.4.3. балалардың сабакқа келуін қамтамасыз ету.

## **10. МУЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТӘРТІБІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ**

- 10.1. Лицей мүлкі оның құрылтайшысы оралымды басқару құқығымен берген дербес басқару жеке баланста көрсетілген ақшалай қаражы көздерінен тұрады.
- 10.2. Лицей мүлкі келесіден тұрады:
  - 10.2.1. құрылтайшысымен оралымды басқаруға берілген мүлік;
  - 10.2.2. кәсіпкерлік қызметпен айналысу нәтижесінде түскен мүлік;
  - 10.2.3. заңнамамен көзделген өзге де мүлік.
- 10.3. Лицейдің құрылтайшы бекіткен және лицей өз қызметі барысында алынған барлық қаржы мен материалдық құралдарды Жарғыға сәйкес тек лицей колданады және заңнамаларда қарастырылмаған жағдайда алуға жатпайды.
- 10.4. Құрылтайшы лицейге берілген мүліктің тиімді колданылуы және сақталуын бақылайды. Лицей оралымды басқарудағы мүлікті оның негізгі талаптары мен мүдделеріне қайшы келетін максаттарға қолданбайды.
- 10.5. Лицейдің материалдық-техникалық базасын құрып және дамыту мемлекеттік білім стандартын қамтамасыз етуге болінетін бюджеттік қаржы, ақылы білім беру қызметінен түскен қаржы есебінен жүргізіледі.
- 10.6. Лицейді бюджеттен қаржыландыру құзыретті орган бекіткен оку жоспары мен шығындар сметасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 10.7. Лицей - кәсіпкерлік қызметпен айналысадан түскен қаржыны жарғылық мақсаттарына сәйкес, жеке балансындағы ақша қаражатын ескере отырып, дербес иеленуге құқылы.

## **11. ҚҰРЫЛТАЙШЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТИ**

- 11.1. Құрылтайшының құзыреті:
  - 11.1.1. лицей құру туралы шешім қабылдау;
  - 11.1.2. филиалдар мен өкілдіктер ашу;
  - 11.1.3. лицейді қайта құру және тарату туралы шешім қабылдау.

## **12. ЛИЦЕЙ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

- 2.1. Лицейді басқару Қазақстан Республикасы заңнамасы және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.2. Лицейді басқару органдары:
  - 2.2.1. Уәкілетті орган – Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы;
  - 2.2.2. Басқарушы – директор;
  - 2.2.3. Алқалы орган – педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, қамкоршылық енес.

### **12.3. Үәкілетті органның құзыретіне келесі сұрақтар жатады:**

- 12.3.1. Жарғыны бекіту, лицейдің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 12.3.2. лицей қызметінің пәні мен мақсаттарын анықтау;
- 12.3.3. жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат шенберінде лицейге шығындар жоспарын бекіту;
- 12.3.4. лицей мүлкін бекіту;
- 12.3.5. лицейге бюджеттен бөлінген мүліктің тиімді пайдаланылуы және сақталуына бақылау жүргізу.

### **12.4. Директордың құзыретіне келесі сұрақтар жатады:**

- 12.4.1. Лицей директорын лауазымына тағайындау және босату;
- 12.4.2. лицей қызметін ұйымдастыру және басқару, директор лицейге тапсырылған және өзінің қызметін орындау барысында Үәкілетті орган алдында есеп береді;
- 12.4.3. үәкілетті органның келісімімен директордың орынбасарын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;
- 12.4.4. лицей атынан сенімхатсыз қызмет атқарады;
- 12.4.5. меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының және шетелдік органдар және мекемелерде лицей атынан өкілдік ету;
- 12.4.6. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген шекте лицей мүлкі және қаражатын басқару;
- 12.4.7. шарт және өзге де мәмілелер жасасу;
- 12.4.8. өз құзыреті шегінде лицейдің барлық қызметкерлері мен окушыларына міндетті бүйректер мен тапсырмалар беру, сенімхат тапсыру;
- 12.4.9. лицей қызметкерлерін жұмысқа алу және жұмыстап босату;
- 12.4.10. жұмыс кестесін, сабак кестесін, лауазымдық нұсқауларды бекіту;
- 12.4.11. іссапар, тағылымдама, семинар, өзге де қазақстандық және шетелдік оқу орындарында қызметкерлердің біліктілігін арттыру шараларының жоспарын бекіту;
- 12.4.12. банк есеп-шоттарын ашу;
- 12.4.13. шектеулерді ескере отырып, өз қаражаты шегінде лицей қызметкерлеріне оқу жүктемесін, қызмет ставкалары мен жалакысын, оған ұстемеақыны бөлу;
- 12.4.14. лицей қызметкерлерін марапаттау және тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын кабылдау;
- 12.4.15. орынбасары және т.б. басқарушы қызметкерлердің міндеттері мен құзыреттерін анықтау;
- 12.4.16. гендерлік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыстарды күргізеді және осы бағытта жұмысқа дербес жауап береді;
- 12.4.17. Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген басқа да қызметті ткару.
- 12.4.18. Директор басқару қағидасына негізделіп, қызмет атқарады және лицей құмысының мәселелерін осы Жарғы және Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған құзіреті шегінде дербес шешеді.

12.4.19. Директордың қызметі (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басқару қызметінен басқа) лицей ішінде және лицейден тыс басқарушы лауазымды қызметпен үйлестіруге тыйым салынады.

**12.5.Педагогикалық кеңестің құзыретіне келесі сұрақтар жатады:**

12.5.1. оку-тәрбие үрдісін жетілдіру сұрақтарын карау;

12.5.2. окушыларға білім беру кеңестесін және жеке жоспарларды түзету;

12.5.3. келесі сыныпқа көшіру және бітіру емтиханына жіберуге рұқсат беру, келесі сыныпқа көшіру; лицейді бітіру туралы шешім қабылдау;

12.5.4. лицейдің даму жоспарын бекіту;

12.5.5. лицейдің жұмыс жоспарын талқылау;

12.5.6. лицей окушыларын марапаттау немесе оку-тәрбие тәртібін бұзушы тұлғаларға іс-шаралар қабылдау туралы ереже бекіту;

12.5.7. окушыны лицейден шыгару туралы шешім қабылдау.

12.6.Педагогикалық кеңестің негізгі міндеті - лицейдің оку-тәрбие үрдісін дамыту және жетілдіру.

12.7.Лицейдің педагогикалық кеңесі қажеттілігіне қарай, жылына кемінде 5 рет директормен шақырылады. Педагогикалық кеңестің шешімі директор бүйректер арқылы жүзеге асырылады.

12.8.Әдістемелік кеңес білімдік үдерістің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін, педагогикалық ұжымдардың инновацияларын, тәжірибелік-экспериментальды қызметін дамытуға бағытталған әдістемелік қызметтің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді.

**12.9. Қамкоршылық кеңес құзіретіне келесі сұрақтар жатады:**

12.9.1.Қамкоршылық кеңес - сайланбалы орган, ол өзінің қызметі барысында Казақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, білім беру үйымының Қамкоршылық кеңесінің қызметін үйымдастыру ережелерін, сондай-ақ лицейдің Жарғысын басшылықта алады.

12.9.2.Қамкоршылық кеңес лицейдің әкімшілігімен, ата-аналар, окушылар комитеттерімен, өкілетті және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

12.9.3.Қамкоршылық кеңес Құрьлтайшының, қызметкерлердің, мектеп-лицейде оқитындардың ата-аналарының бастамасы бойынша құрылуы мүмкін.

12.9.4.Қамкоршылық кеңеске мектеп-лицейдің басшысы, ата-аналар қоғамдық үйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың, демеушілердің өкілдері, жұмыс берушілер және әлеуметтік серікtestер кіруі мүмкін.

12.9.5.Окушылардың ата-аналарымен жұмыс істеуде лицейге көмек көрсету.

12.9.6.Жалпы лицейлік іс-шараларды үйымдастыруда және жүзеге асыруды көмек көрсету.

12.9.7.Лицейді материалдық қолдау сұрақтарын шешу.

12.9.8.Қамкоршылық кеңес жарналары бойынша шығын жоспарын бекіту, мақсатты жұмсауды ревизиялық комиссиясымен тексеруге, өзге де материалдық саржылық-материалдық сұрақтарды шешу.

12.9.9. Окушыларды марапаттау және тәртіптік жазалауға қатысты педагогикалық кеңеспен бірге шешім қабылдау.

12.9.10. Қамқоршылық кенес ата-аналардың (занды өкілдер) мұдделерін қорғайды.

### **13. ЛИЦЕЙДІҢ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ**

- 13.1. Лицейге қызметкерлер конкурстық және жалпы негіздерде қабылданады. Қызметкер мен лицей арасындағы еңбек қатынастары жеке еңбек шартымен реттеледі. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасы заннамасына кайшы келмеуі тиіс.
- 13.2. Жалақы төлеу қоры жалақы төлеудің нысаны мұғалімдер құрамының штаттық саны, лицейдің медициналық және техникалық персоналы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы заннамасына сәйкес, жалақы көлемі ескеріле отырып анықталады.
- 13.3. Лицей қызметкерлерінің жалақысы және қызметтік ақысы, біліктілігі және қызметтік міндеттері ескеріле отырып, бірыңғай тарифтік желі негізінде анықталады.
- 13.4. Лицей директоры өз бетінше үстеме ақы, косымша ақы, т.б. ынталандыру сипатындағы өтемақыларды анықтауға құқылы.
- 13.5. Лицейдің жұмыс режимі ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес анықталады. Персоналдың апталық жұмыс салмағы 40 сағаттан аспауы тиіс.
- 13.6. Лицей қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері жеке еңбек шартымен анықталады. Жарғымен реттелмеген еңбек қатынастары Қазақстан Республикасы заннамасына сәйкес реттеледі.
- 13.7. Балалармен ұздіксіз жұмыс жасайтын интернат менгерушісі мен тәрбиешілерге интернатта ақысыз тұру мүмкіндігі беріледі.

### **14. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАКТАСТЫҚ**

- 14.1. Лицей өз қызметінің ерекшелігіне қарай шетелдік білім, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар мен корлармен тікелей байланыс орнатуға, білім саласында ынтымактастық туралы екіжақты, көпжақты шарт жасасуға, халықаралық үкіметаралық емес ұйымдардың құрамына (ассоциациялар) мүше болуға құқылы.
- 14.2. Лицей басқа елдерден шетелдік мамандарды тартуга құқылы.

### **15. ҚАЙТА ҚҰРУ, ТАРАТУ ТӘРТІБІ**

- 15.1. Қайта құру және тарату келесі негіздер бойынша жүзеге асырылады:
- 15.1.1. Лицей құрылтайшысының шешімі бойынша;
- 15.1.2. Сот шешімі бойынша;
- 15.1.3. Қазақстан Республикасы заннамасымен көзделген т.б. негіздер бойынша.
- 15.2. Қайта құрылған жағдайда лицейдің құқықтары мен міндеттері құқықтық мирасқорына аударылады.
- 15.3. Лицейдің қайта құрылуы және таратылуы Қазақстан Республикасы заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 15.4. Лицей құрылтайшысы окушылардың оку жылын басқа оку мекемелерінде бітіруіне қажетті іс-шараларды қабылдауы тиіс.

## **16. ЖАРГЫҒА ӨЗГЕРИСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗҮ**

- 16.1.Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар еңгізу лицейдің педагогикалық кенесімен талданады да, уәкілетті орган бекітеді.
- 16.2. Жарғыдағы өзгерістер мен толықтырулар заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті органдары тіркеген соң күшіне енеді.

Тізбектелген, тігілген  
Барлығы 73 бет

Мекен директоры С.Ж.Шайхисев



«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»  
МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ»

БҮЙРЫҚ

15. 09. 2022

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 738

город Уральск

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық  
технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін және бекітілсін.
2. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ж.Шонбаев Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы әділет органдарына бір айлық мерзім ішінде хабарлама жолдауды қамтамасыз етсін.
3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.а.

С.Теміргалиева





2022 жылғы «Б» негізгілік № 735

Батыс Қазақстан облысы

білім басқармасының

бүйрүгімен бекітілген

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық  
технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар**

«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» КММ педагогикалық кеңесінің шешіміне (2022 ж. 31 тамыз №1 хаттама) сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» КММ-нің Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Орал қаласының Әділет басқармасында 2018 жылғы 18 сәуірде №929-1426-01-ММ тіркелген Жарғысына келесідей өзгерістремен толықтандырулар енгізілсін;

1. З бөлім 3.2.10 тармақпен толықтырылсын «интернатта тұратын тәрбиленушілер үшін оку кезеңінде тұратын орын ұсына отырып, білім алу және тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар жасау»;

2. 3.3.1 тармақпен толықтырылсын. «оның ішінде интернатта тұратын тәрбиленушілер үшін тұру, тамақтану, тұрмыс және бос уақыт үшін тиісті жағдайлар жасау» деген сөздермен толықтырылсын;

3. 3.3.2. тармақ – алынып тасталсын;

4. 3.3.6 тармақта « жеткіншектердің» сөзі алынып тасталсын;

5. 4.5 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "лицейде оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі";

6. 4.8 тармағында «қамкоршылық кеңеспен» деген сөздер «уәкілетті органмен» деген сөздермен, «40 минут» деген сөздер «45 минут» деген сөздермен ауыстырылсын;

7. 4.9 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «лицейде Қазақстан Республикасында қолданылатын білім беру, санитарлық-гигиеналық және өзге де нормаларға сәйкес келетін оку және демалыс режимі пайдаланылады. Күн тәртібі тәрбиленушілердің интернатта тәулік бойы болуын ескере отырып жасалады»

8. 4.13 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: « лицей тәрбиленушілері ыстық тамақпен, интернатта тұруға арналған орындармен, медициналық қызмет көрсетумен және санитарлық-гигиеналық, тұрғын үй-тұрмыстық және өзге де талаптарға сәйкес басқа да жағдайлармен қамтамасыз етіледі. Интернатта тұрмайтын лицей оқушылары үшін тамақтану үшін өз есебінен жағдайлар жасалады»;

9. 4.16 тармақта «Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарына» деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10. 5.1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «лицейге оқушылар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес əзірленген қабылдау ережелері және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен мамандандырылған Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау ережелері негізінде қабылданады»;

11. 5.4 тармақ - алынып тасталсын;

12. «Оқушыларды қабылдау тәртібі» деген 5-бөлім 5.8-тармақпен толықтырылсын: «Лицей интернатында тұру үшін конкурстан өткен оқушылардың ата-аналары (занды өкілдері) лицейге оқуға қажетті күжаттарды ұсына отырып өтініш береді. Интернатта тұруға арналған орындарды лицей басшылығы мынадай кезектілікпен бөледі: 1) ауылдық жерде тұратындар; 2) аз қамтылған, көп балалы немесе толық емес отбасынан шыққандар, жетім балалар; 3) Орал қаласының шегінде немесе жақын маңда тұратындар, бірақ айтартықтай көлік қашықтығында.»;

13. 6.1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «оқушыларды сыныптан сыныпқа аудиностыру және оқудан шығару білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актіге сәйкес жүргізіледі»;

14. 6.3. тармақ толықтырылсын: «Лицейдің негізгі орта мектеп курсын оқып аяқтаған барлық пән бойынша үлгерімдері «жақсы» немесе «үздік» оқушылар 10-сыныпқа ата-аналарының (занды өкілдерінің) өтініші негізінде таңдаған бағыттарына конкурссыз оқуға қабылданады. Үлгерімдері «орташа» оқушылар 10-сыныпқа ата-аналарының (занды өкілдерінің) өтініші негізінде таңдаған бағыттарына жалпы конкурс негізінде оқуға қабылданады.»;

15. 7.6 тармақ - алынып тасталсын;

16. 8.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «Лицей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру және өзге де қызметтерді көрсетуге құқылы. Ақылы білім беру қызметтерін мемлекеттік білім беру стандарты шенберінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландастырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетуге болмайды. Ақылы білім беру қызметтері үшін жеке кесте жасалады.»;

17. 8-бөлім 8.3-тармақпен толықтырылсын. «Интернатта тұратын лицей оқушыларын тамақпен қамтамасыз ету кезінде тамақ өнімдерін сатып алуға жұмсалатын шығыстардың 80 пайызы мемлекеттік бюджет каражаты есебінен қаржыландастырады және тамақ өнімдерін сатып алуға жұмсалатын шығыстардың 20 пайызын оқушылардың ата-аналары немесе занды өкілдері төлейді»;

18. 9.1.7-тармақ алынып тасталсын;

19. 9.2.8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: « білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен міндетті мектеп формасына қойылатын белгіленген талаптарды сақтау»;

20. 9.3.1 тармақ алынып тасталсын;

21. 9.4-тармақ 9.4.4-тармақшамен толықтырылсын «жасалған шарттарға сәйкес ақылы білім беру және өзге де қызметтерге ақы төлеу»;

22. 10.7. тармақ - алынып п тасталсын;

23. 12.3 тармақ «Уәкілетті органның құзыретіне келесі сұрақтар жатады» мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын:
- 12.3.1. Лицей директорын лауазымына тағайындау және босату;
  - 12.3.2. Жарғыны бекіту, лицейдің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
  - 12.3.3. лицей қызметінің пәні мен мақсаттарын анықтау;
  - 12.3.4. жергілікті бюджеттен бөлінген қаржат шенберінде лицейге шығындар жоспарын бекіту;
  - 12.3.5. лицей мүлкін бекіту;
  - 12.3.6. лицейге бюджеттен бөлінген мүліктің тиімді пайдаланылуы және сақталуына бақылау жүргізу.
- 24.12.4. тармақ «Директордың құзыретіне келесі сұрақтар жатады:» мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын:
- 12.4.1. лицей қызметін ұйымдастыру және басқару, директор лицейге тапсырылған және өзінің қызметін орындау барысында Уәкілетті орган алдында есеп береді;
  - 12.4.2. уәкілетті органның келісімімен директордың орынбасарын қызметке тағайындауды және қызметінен босатады;
  - 12.4.3. лицей атынан сенімхатсыз қызмет атқарады;
  - 12.4.4.меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының және шетелдік органдар және мекемелерде лицей атынан өкілдік ету;
  - 12.4.5. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген шекте лицей мүлкі және қарожатын басқару;
  - 12.4.6. шарт және өзге де мәмілелер жасасу;
  - 12.4.7.өз құзыреті шегінде лицейдің барлық қызметкерлері мен оқушыларына міндетті бұйрықтар мен тапсырмалар беру, сенімхат тапсыру;
  - 12.4.8.лицей қызметкерлерін жұмысқа алу және жұмыстап босату;
  - 12.4.9.жұмыс кестесін, сабак кестесін, лауазымдық нұсқауларды бекіту;
  - 12.4.10. иссапар, тағылымдама, семинар, өзге де қазақстандық және шетелдік оқу орындарында қызметкерлердің біліктілігін арттыру шараларының жоспарын бекіту;
  - 12.4.11. банк есеп –шоттарын ашу;
  - 12.4.12. шектеулерді ескере отырып, өз қарожаты шегінде лицей қызметкерлеріне оқу жүктемесін, қызмет ставкалары мен жалақысын, оған үстемеақыны бөлу;
  - 12.4.13.лицей қызметкерлерін марапаттау және тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдау;
  - 12.4.14.орынбасары және т.б. басқарушы қызметкерлердің міндеттері мен құзыреттерін анықтау;
  - 12.4.15. гендерлік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағытта жұмысқа дербес жауап беру;
  - 12.4.16.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөнінден жұмысты жүргу;
  - 12.4.17. Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген басқа да қызметті атқару;

12.4.18.Директор басқару қағидасына негізделіп, қызмет атқарады және лицей жұмысының мәселелерін осы Жарғы және Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған құзіреті шегінде дербес шешеді.

12.4.19.Директордың қызметі (ғылыми және ғылыми – әдістемелік басқару қызметінен басқа) лицей ішінде және лицейден тыс басқарушы лауазымды қызметпен үйлестіруге тыйым салынады.

25. 13.7. тармақ – алынып тасталсын.



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

04.10.2023

326

Орталық мемлекеттік

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық  
технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына өзгерістер енгізілсін.

2. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Ж.Шонбаев Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы әділет органдарына бір айлық мерзім ішінде хабарлама жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.а.

Л.Баев

Л.Батыргалиева



Батыргалиева

лк

2023 жылғы «6 » негізделді № 896

Батыс Қазақстан облысы

білім басқармасының

бүйрүгымен бекітілген

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық  
технологиялар мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік  
mekemесінің Жарғысына өзгерістер**

«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» КММ педагогикалық кеңесінің шешіміне (2023 жылғы 29 тамыздағы №1 хаттама) сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты» КММ-нің Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Орал қаласының Әділет басқармасыда 2018 жылғы 18 сәуірде №929-1426-01-ММ тіркелген Жарғысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

1. 4.3. тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «Оку жоспары Республикалық базистік жоспарға сәйкес, оку орнының бекітуімен Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының келісімімен дайындалады»;
2. 7.3. тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «Оку жылының соында Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік күқиқтық актілерінің талаптарына сәйкес қорытынды атtestаттау өткізіледі»